

Шиелі ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды әкету тарифін бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2014 жылғы 21 ақпандағы N 26/3 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 18 наурызда N 4619 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2018 жылғы 29 қазандағы № 30/4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 29.10.2018 № 30/4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Кодексінің 19-1 бабын және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабын басшылыққа ала отырып, аудандық мәслихат **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

Шиелі ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды әкету тарифі айына тұрғын үйлерден бір адамға 88 теңге мөлшерінде бекітілсін.

Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың
сессия төрағасы
Аудандық
мәслихат хатшысы*

А. Әбдікадырова

Ә. Оразбекұлы